



31 мамыр – қуғын-сүргін күні АҚТАҢДАҚ ТАРИХЫ ҒАЛЫМДАРЫМЫЗ ЗЕРТТЕУДЕ

Қазақстанда 31 мамырда атап өтілетін Саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу күніне орай Қозыбаев университетінің Қазақстан халқы Ассамблеясы кафедрасының бастамасымен «Шаңырақ» ҚХА кафедралар бірлестігінің іс-шарасы аясында «Тарихи сана – мызғымас бірлік – кемел келешек» атауымен челлендж ұйымдастырылды. Ондағы мақсат – 1920 жылдан 1980 жылдар аралығында әділетсіз қуғын-сүргінге ұшыраған азаматтарды еске ала отырып, заманында халықтың басына төнген қауіп-қатерлердің қайталанбауын насихаттау.

Университет қабырғасында сында «Қызылжардың шерлі табыл тақырыпқа байланысты түр-рихы» атты ғылыми - лі жұмыстар атқарылады. практикалық конференция Жоғарғы оқу орны ғалымдары түрінде өтті.

2020 жылы құрылған «Саяси 31 мамыр – қазақ топырағына қуғын-сүргін құрбандарын то-талай азаматының қанын сіңір-лық ақтау жөніндегі мемлекеттік ген қасіретті күн деген белгіні комиссия» құрамында үш жыл арқалаған күн. Бұл күні, біз, сая-бойы нәтижелі еңбек етті. Жаңа си қуғын-сүргіннің құрбаны санаттар мен әлі ақталмай болған азаматтарымызды еске қалған тұлғаларды анықтау бой-аламыз. Өткен ғасырдың оты-ынша орасан зор жұмыстар жүр-зыншы жылдарындағы зобалаң гізілді. жайттар жекелеген адамдар

Челленджге қатысушылар үшін ғана емес, тұтастай ха-Мемлекеттік комиссия қыз-лықтың, бүтін қоғамның болмы-метінің нәтижесінде жинаққа ен-сына, тарихына, болашағына ген көптеген мұрағат кертартпа ізін сыздырып кеткен құжаттарын жинаған өңірлік тарихтың ащы бір кезеңі болды. топтың жұмыс барысымен, Бүгінде тарихтың осы бір тұсы әсіресе, олардың деректерді қа-жүректі шерге толтыра еске лай жинағандығы туралы түсіріледі. тәжірибелерімен бөлісті.

Саяси қуғын-сүргін құрбанда-

Бұл челлендж – ҚР ЖОО ҚХА рын еске алу күні С.Мұқанов қауымдастығының мемле-атындағы облыстық әмбебап кетіміздің әділ Қазақстан құру, кітапханасында «Қызылжардың азаматтардың құқықтарының шерлі тарихы» атты ғылыми-бұзылуына жол бермеу және жа-практикалық конференция ұй-зықсыз зардап шеккендердің ымдастырылып, сырттан келген жарқын естелігін сақтау жөнін-қонақтар мен жергілікті қаты-дегі саясатына қолдау көрсету сушыларды Облыстық ішкі сая-акциясы болып табылады. сат басқарма басшысының

Қуғын-сүргін күніне орай Қо-орынбасары Кемел Оспанов қар-зыбаев университеті мен Сол-сы алып, шараға қатысушыларға түстік Қазақстан мемлекеттік Солтүстік Қазақстан облысы архиві ұйымдастырған екінші әкімі Ғауаз Нұрмұхамбетовтың шара С.Мұқанов атындағы атынан мол ризашылығы мен облыстық әмбебап кітапхана- жылы лебізін жеткізді.

(Соңы 2-бетте)

В ЭТОМ ВЫПУСКЕ:

День Памяти жертв политических репрессий - почему нельзя забывать уроки прошлого? - стр. 1-2



Проба пера молодых журналистов - стр. 5




Как выбрать профессию и не пожалеть: кто и что влияет на выбор абитуриентов? - стр. 6



СКУ - спортивный вуз: о достижениях наших спортсменов на стр. 8,11,12



АҚТАҢДАҚ ТАРИХЫ ҒАЛЫМДАРЫМЫЗ ЗЕРТТЕУДЕ

**(Басы 1-бетте)**

Конференция жұмысы алдында мұрағат құжаттары негізінде ұйымдастырылған «Тұлғалар тарихы – өлке тарихы» атты көрме және белгілі журналист, тележүргізуші, редактор және продюсер Майя Бекбаеваның «Аққұсақ – Алаштың белгісіз съезі» атты деректі фильм тамашаланды.

Конференцияға «Қаһармандар» республикалық қоғамдық қорының президенті Сабыр Қасымов, Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты, тарих ғылымдарының докторы Әбіл Еркін, Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің «Алаш» ғылыми-зерттеу орталығының директоры Сұлтан-Хан Аққұлұлы

қатысты. Сонымен қатар «Мектеп» баспасының бас директоры, Міржақып Дулатовтың ұрпағы Еран Сатыбалдиев, Қостанай мемлекеттік педагогикалық институты ректорының кеңесшісі, т.ғ.д. Аманжол Күзембаев та шараның құтты қонақтары болды.

Саяси қырғын-сүргіннің құрбаны болған ұл-қыздарымыздың атын ақтап алу, халқына таныту жолында аянбай ізденіс жасап жүрген ғалымдарымыз аз емес. Жаппай саяси қуғын-сүргін құрбандарын танытуда еңбегі зор бірнеше ғалым облыс әкімінің ілтипатына бөленді. Солтүстік Қазақстан облысы әкімінің «Алғыс хаты» Солтүстік Қазақстан мемлекеттік архивінің директоры

С.З.Маликоваға, «372 халықтық көтерілістер мен наразылықтарды басу кезінде атылған саяси қуғын-сүргін құрбандарын оңалту бойынша» жұмыс тобының жетекшісі, т.ғ.к. Л.А. Гривеннаяға, «Дәстүрлі діни қызметкерлер» бойынша жұмыс тобының жетекшісі, т.ғ.к. З.К.Картоваға, М. Қозыбаев атындағы СҚУ жанынан құрылған «Күштеп жер аударылған халықтар бойынша» жұмыс тобының жетекшісі, т.ғ.к. Н.Ә.Абуовқа және сырттан келген қонақтарға табыс етілді.

**Ақбота Қабдұлмәжіт,
«Журналистика» кафедрасының
3 курс студенті.**

ОБЯЗАНЫ ПОМНИТЬ!..

31 мая Казахстан склоняет голову в знак скорби и памяти, отмечая День памяти жертв политических репрессий. Этот день служит напоминанием о трагических страницах нашей истории, когда миллионы людей стали жертвами жестокого политического террора, разделившего семьи и прервавшего судьбы.

В этот день по всей стране проходят памятные мероприятия. В столице и других городах люди собираются у мемориалов, возлагают цветы и зажигают свечи в честь

тех, кто пострадал в годы репрессий. Эти церемонии и митинги не просто дань уважения, но и важный урок для всех нас — помнить, чтобы не повторить.

История политических репрессий в Казахстане — это история боли и утрат, но также история стойкости и мужества. В первой половине XX века сотни тысяч казахстанцев были лишены свободы, многие из них — жизни. Этот день напоминает нам о хрупкости мира и справедливости, о необходимости защищать права каждого человека.

День памяти жертв политических репрессий — это не просто дата в календаре. Это день, когда каждый из нас задумывается о прошлом, чтобы строить будущее на основе мира, справедливости и уважения к человеческой жизни. Пусть память о жертвах репрессий станет для нас вечным напоминанием о том, что мы должны ценить и защищать самое дорогое — жизнь и свободу.

**Денис Сухарев,
выпускник кафедры
"Журналистика"**

ТРИУМФ НАШИХ СТУДЕНТОВ

В городе Ставрополе, Российская Федерация, состоялось подведение итогов Международного студенческого конкурса профессионального мастерства «Медиадрайв», ежегодно организуемого кафедрой журналистики Северо-Кавказского федерального университета. Этот престижный конкурс, собравший более 90 мультимедийных проектов, предоставил молодым талантам из России, Беларуси и Казахстана возможность продемонстрировать свое мастерство и креативность.



В этом году конкурсные работы многих охватывали широкий спектр тем и жанров, от документальных фильмов до цифровых арт-проектов. Студенты разных вузов проявили высокий уровень профессионализма и творческого подхода, что стало ярким подтверждением высокого уровня подготовки в сфере медиакommunikаций.

Особенно хочется отметить успех студентов нашей альма-матер. В номинации «Великие имена» первое место завоевал магистрант Чинишлов Вячеслав, чья работа была посвящена памяти профессора, доктора филологических наук Зинаиды Петровны Табаковой. Этот проект стал знакомым не только благодаря своей высокой художественной и профессиональной ценности, но и потому, что включал в себя последнее интервью с Зинаидой Петровной. Вячеславу удалось передать глубину и значимость вклада профессора в развитие науки и образования в Северо-Казахстанской области, что тронуло сердца жюри и зрителей.

Роль педагога в воспитании студентов — это тема, которая находит отклик в сердцах и умах

многих, поскольку она затрагивает основу нашего будущего. В мире, где знания и информация становятся все более доступными, именно педагог становится тем маяком, который направляет молодых людей в бурном океане современности, — считает Вячеслав.

Первое, о чем стоит упомянуть, добавляет наш герой, это личный пример, который преподаватель подает своим студентам. Дети и молодежь, сталкиваясь с разнообразием мнений и ценностей, нуждаются в образце для подражания. Уважение к другому, трудолюбие, стремление к саморазвитию — все это качества, которые студенты впитывают, глядя на своего учителя. Педагог не только передает знания, но и воспитывает личность, влияя на формирование моральных и этических принципов. Все эти тезисы, без всякого сомнения, применимы к Зинаиде Петровне Табаковой.

Диплом второй степени в категории «Хобби и не только» заслужила работа студентки Грозы Алены. Ее интервью с известным северо-казахстанским диктором и веду-

щим Львом Мамбетовым также получил высокую оценку за оригинальность и глубину исследования. Алена с особым мастерством показала, как хобби может стать не только способом самовыражения, но и источником вдохновения и силы.

Конкурс «Медиадрайв» стал настоящим праздником креативности и профессионализма, собрав под своей эгидой лучших представителей молодого поколения медиаспециалистов. Организаторы отметили высокий уровень представленных работ и выразили надежду, что конкурс станет отправной точкой в карьере многих участников.

Поздравляем наших триумфаторов — Вячеслава Чинишлова и Алену Грозу, — с заслуженными наградами! Желаем им дальнейших творческих побед и успехов в профессиональной деятельности. Пусть их достижения вдохновляют новых участников и служат примером для всех студентов, стремящихся к вершинам медиамастерства.

Алина Якунина,
выпускница кафедры
"Журналистика"

ҚАЛАМЫ МҰҚАЛМАЙ КЕЛЕДІ

Жарасбай Сүлейменовтің көркем шығармалары шытырман оқиғаларға құрылған хикаяттар мен әңгімелер. «Қазақ әдебиеті», «Егемен Қазақстан» газеттерінде, «Жалын», «Жаңа Сарыарқа» журналдарында жарияланған. Ол Мағжан Жұмабаевтың таңдамалы еңбектеріне арналған «Мағжан», жерлесіміз Иван Шуховтың өмір мен шығармашылығына арналған «Иван Шухов» атты естелік кітабын құрастырған. «Көмескі із» атты хикаят пен әңгімелер жинағының, «Еменнің иір бұтағы», «Сөнбейтін шырақ», «Дала-бесік» атты кітаптардың авторы.

Жарасбай Қабдоллаұлы журналист, публицист, жазушы, қоғам қайраткері, әдебиет зерттеушісі. Солтүстік Қазақстан облысының құрметті азаматы. Оның еңбек жолы талай ұрпаққа үлгі-өнеге. Өзінің еңбек жолын ауылдағы қара жұмыстан бастап, кейін журналистік мамандықты өзіне кәсіп етіп, қоғамды, өңірді, елді дамытуға үлкен үлес қосқан тұлға. Оның өмір жолы мен шығармашылығын насихаттай отырып, жастарға үлгі болар қасиеттерін ашып айтамыз. Осы шағын мақала арқылы оның мұхиттай көсілген шығармасына өзіміздің тамшыдай пікірімізді айтқым келеді.

Жарасбай Сүлейменовтің әдеби зерттеушілігін айтар болсам, «Дала – бесік» деген еңбегінде Қожаберген жырау туралы былай дейді: «... Жеті жарғыны» Тәуке хан жазған жоқ, ол үкім шығарып жаздырды. Сол жазған жеті бидің бірі Қожаберген би екенін айту – тарихи әділдік болар дейді». Өздеріңіз көріп отырғандай ел бастаған көсем, от тілді шешен, батыр, ақын-жырау Қожабергенге тәуелсіз Қазақстанның тарихынан әділ баға бергізуді көздейді. Сонымен қатар Қожаберген жыраудың «Елім-ай» дастанына тарихшы М.Қ.Қозыбаевпен теңесіп тұрып үлкен баға береді. «Елім-ай»-шын мәнінде ұлттық сананың биік шыңы, ұлттық сергелдеңге душар болғандағы мұңы, болашаққа құлаш сілтеп, қайсар, намысшыл қазақтың ұлт болмысын жаңғыртуға ұмтылысының шаншыла атқан қайнар жыры да сыры. «Елім-ай» – ұлтымыздың «Илиада» мен «Одиссеясындай» эпикалық өміршең трагедиясы», – дейді Жарасбай Қабдоллаұлы.

Ағамыздың әдеби-зерттеулерін ары қарай қарастырсақ, «Елім-ай» дастаны туралы азды-көпті зерттеулерінің ішінде халқымыз-



дың асыл ұлдарының бірі Әлихан Бөкейхановтан қалған: «Тарихтық сарыны екіге бөлінеді: бірі бөлек тарихтың пайдаланғаны – соғыс істері. Біздің қазақ білетін тарих осы. Осы тарихты журналист ары қарай зерделей отырып, тарихтан кеткен кейбір кемшіліктің бетін ашады. «Тарихтың екінші түрлісінің (мұны орыс тілінде «история культуры» дейді) пайдаланғаны – жұрттың болмыс-салты, рухани мәдениетінің дәрежесі. Бұлардың бәрі сол жұрттың сол замандағы тіккен үйінен, киген киімінен, ұстаған... сөздерінен білінеді. Анық тарих – осы екіншісі», – деген ойға назарын терең аударады.

Журналист Жарасбай Сүлейменов Сегіз сері туралы зерттеген зерттеуші ғалымдарға да нақты дәлелдер ұсынып, Сегіз серінің өмірде болған адам екенін дәлелдеуге ат салысады. Мысалы, «Кезінде Сегіз серіні қазаққа қиғысы келмеген кейбіреулердің: «Ұлпан» көркем шығарма, Сегіз сері – жазушының қиялынан туған кейіпкер», – деп жазғаны есімде. Бос сөз, «Ұлпан» – деректі роман, ондағы кейіпкердің бәрі өмірде болған адамдар», – деп бір сөзбен қайырады.

Жазушы, журналист Ш.Уәлиханов, Шал ақын, Мағжан Жұмабаев, Үкілі Ыбырай, С.Мұқанов, Ғ.Мүсірепов сынды теріскейдің асыл топырағынан шыққан қа-

зақтың маңдайалды ұлдарының өмірі мен шығармашылығы жайлы тың деректерді, нақты мысалдармен қалың оқырманға ұсынды.

Жарасбай Қабдоллаұлы қазақ әдебиетінің күрделі жанрының бірі шытырман оқиғаларға да қалам тербеді. «Көмескі із» деп аталатын кітабы құқық қорғау органдары қызметкерлерінің шытырман оқиғалары, қауіпке толы өмірі, олардың түрлі қылмыстық істерді қалай шешкендігі туралы баяндалатын бұл шығарма оқырманнан өз бағасын алып үлгерді. «Көмескі із», «Кәсіпкердің өлімі», «Көгілдір мазда», «Мезгілсіз атылған мылтық», «Ала биенің әлегі», «Қақпан», «Бір қапақша» сияқты туындылары қалың жұртшылық сүйіп оқитын шығармаға айналды.

«Еменнің иір бұтағы» жинағында жазушы нарықтық өтпелі кезеңдегі қазақ аулының тұрмыс тіршілігін, халықтың қиындықты жеңу жолындағы тағдыр-тауқыметін суреттейді. «Туған үйдің түтіні», «Қуырдақ» сияқты әңгілерінде қазақи болмыс екі шығармада екі түрлі беріледі. Нарық заманындағы тағдыр тауқыметін көрсететін, халықтың пиғылын, ындынын «Қуырдақ» әңгімесі нақты берсе, өміршең ұрпағы үшін жанын аямаған әкенің аяусыз еңбегі және оны бағалаған жар. Балалардың заманның соққан желімен ығыса түсуі. Күйеуге деген, отағасына деген құрметтің құдыретін көрсете алады.

Белгілі редактор, публицист Қ.Бекхожин: «Қоғамдағы әлеуметтік құбылыстарды тез байқап, оған үнқосу, қоғамдық пікір туғызу журналистке тән қасиет», – деген еді. Осы қасиет Жарасбай ағамыздың бойынан табылады.

(Соңы 5-бетте)

(Басы 4-бетте).

Жарасбай Сүлейменов 2007 жылы «Нұр Отан» халықтық демократиялық партиясының тізімі бойынша Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің депутаты болып сайланған. Ол мемлекеттік қызметте болған уақытында талай маңызды тақырыпқа қалам тербеді. Осы уақытта «Ауылдан көшпе, Ағайын!», «Мал өнімдерін сатып алатын құрылымдар қажет», «Жұмыла көтерген жүк жеңіл», «Асыл Парыз» т.б. тақырыптарда жазған мақалаларында ауылдағы жұмыссыздық мәселесі, жастардың туған үйін қалаға мәжбүрлі түрде ауыстырып жатқандығын ашына айтады. Ауылдың ауыр тағдырын суреттейді.

Қорыта айтқанда, Жарасбай Сүлейменов жанрлардың үлкенішісін тандамай, шағын ақпараттық хабарламадан бастап, очерке дейін қалам тербеп келеді. Повесть, әңгімелері оқырмандарының үлкен бағасына ие.


Жазира Көкбас,
«Абайтану» ғылыми-зерттеу орталығының ғылыми қызметкері.

ЖДЕМ НАШИХ АБИТУРИЕНТОВ!

Если вы мечтаете стать профессиональным журналистом, овладеть искусством слова и научиться объективно освещать события, то это ваш шанс. Подача документов на творческие экзамены будет проходить с 20 июня по 6 июля.

Перед экзаменами абитуриенты смогут получить консультацию 5 июля, которая поможет лучше подготовиться и ответит на все возникшие вопросы. Сама серия экзаменов начнется с написания эссе, которые пройдут 5 и 9 июля. Завершающим этапом станет собеседование, которое состоится 11 июля.

Желаем удачи всем поступающим! Пусть ваш путь к профессии журналиста будет успешным и плодотворным!



М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті журналист, жазушы, қоғам қайраткері Жарасбай Сүлейменовтың 75 жасқа толу құрметіне облыстық білім беру мекемелерінің түлектері арасында өткізілетін «Мен журналист болсам...» атты эссе байқауын өткізді.

Байқаудың мақсаттары мен міндеттері туралы айтар болсақ, мектеп түлектерінің журналистік мамандыққа деген қызығушылығын ояту, БАҚ саласында ойы озық, білімі терең журналистердің кәсіби шеберлігін үлгі ету, оқушылардың шығармашылық әлеуетін анықтау.

Эссе байқауында қойылған талаптар, тақырыптың негізгі идеясын айқындау, сыни көзқарастар, суретті-бейнелі сөздер қолдану, қазақ әдеби тілінің лексикалық, грамма-

тикалық және стилистикалық нормаларын орынды қолдану, тілдің емле және тыныс белгі ережелерін сақтау, авторлық ой қорытуы анық және мазмұнының айқындылығы, дәлелдердің логикалық жүйелілігі, ұсынылған тезистердің сауатты аргументтермен берілуі қажет.

Байқаудың қатысушыларының жұмыстарын «Журналистика» кафедрасының профессоры Зарқын Тайшыбай бастаған қазылар алқасы бағалап, I-II-III орындар бойынша жеңімпаздарды анықтады.

«Мен журналист болсам...» атты эссе байқауының жеңімпаздары Жарасбай Сүлейменовтың 75 жасқа толу құрметіне өткізгелі отырылған дөңгелек үстелде ма- рапатталады.

Мағжан Баймұрат,
«Журналистика» кафедрасының 3 курс студенті.

Как выбрать профессию и не пожалеть: кто и что влияет на выбор абитуриентов?

Через это проходит каждый. Выбор профессии. Он определяет, чему человек посвятит будущие 20—30 лет жизни, будет ли любить свою работу и сможет ли достичь в ней желаемых высот. Разберемся, что влияет на этот выбор и какие проблемы мешают самоопределению молодых людей.

Выбор профессии должен определяться тремя составляющими:

- Личными интересами и способностями. Молодой человек должен понимать, к чему у него лежит душа и есть талант. Чем он хочет и может заниматься.

- Потребностями семьи. Будущая профессия должна приносить не только моральное удовлетворение, но и вполне ощутимую материальную прибыль. Взрослый человек должен быть способен обеспечить себя и свою будущую семью.

- Нуждами общества. Для государства выбор школьников имеет вполне конкретное значение. Он определяет необходимое число преподавателей вузов, которые этих подростков будут учить. А в конечном итоге — обеспеченность тех или иных сфер народного хозяйства свежими высококвалифицированными кадрами.

То есть задача перед 17—18-летними юношами и девушками стоит масштабная. Прямо-таки государственного значения. Нужно и для себя дело интересное найти, и подаренные природой способности максимально реализовать (не пропадать же добру!), да еще и запросам общества угодить, чтобы оно захотело платить молодому специалисту достойную зарплату.

Родина зовет!

Один из важнейших моментов касается востребованности профессии. Многие ребята выбирают вуз и будущую сферу деятельности из соображений престижа. Периодически возникает мода на тех или иных специалистов («круто быть адвокатом или ТОП-менеджером»). Увы, она не всегда согласуется с запросами государства. И тут важно четко улавливать актуальные тенденции.

В середине XX века промышленность страны активно развивалась. Строились фабрики, заводы. Государству требовались инженеры, технари. Им хорошо платили. Соответственно, позиционировалась высокая ценность инженерного образования.

В 90-х грянул кризис. Началась Перестройка. Большинство строек было «заморожено». Востребованные когда-то инженеры оказались не у дел. Чтобы хоть как-то себя прокормить, люди занялись бизнесом. Возникла острая потребность в юристах и экономистах. Поменялись приоритеты в образовании.

Сейчас, учитывая курс на цифровизацию, актуальны скиллы в области компьютерных технологий.

Вот так, в зависимости от развития экономики и общества падает либо растет спрос на тех или иных специалистов. Чтобы быть «в теме» и выбрать для себя актуальную, востребованную профессию, нужно отслеживать эти моменты.

Чего я хочу сам?

То, что нужно обществу и за что оно готово платить достойную зарплату, — это одно. Не менее важно и то, чем сам человек хочет заниматься, к чему чувствует призвание.

Вот тут встает острейшая проблема самоопределения личности. В школе ей до сих пор уделяют очень мало внимания. Никто не учит подростков понимать свои желания и ставить цели. А сами они не имеют достаточного опыта и знаний, чтобы преодолеть этот вакуум самостоятельно.

Вторая проблема заключается в том, что большая часть учеников средней школы (если не все) имеют очень размытые представления о многих профессиях. Подросткам не хватает элементарных знаний, чем занимаются люди той или иной профессии, какими способностями необходимо обладать и какой путь пройти, чтобы занять желаемое рабочее место.

В школе этому не учат. И это — еще одна серьезная проблема, которую ребятам 14—16 лет приходится преодолевать самостоятельно. Увы, не все с этим хорошо справляются.

Кто влияет на выбор школьников

В 2014 году в российском Уральском федеральном университете

(УрФУ) было проведено интересное исследование. В нем приняло участие свыше 5 000 студентов-первокурсников разных направлений подготовки. Задачей исследования было выявление факторов, влияющих на выбор профессии.

По итогам оказалось, что целых 50% студентов уже на первом курсе разочаровываются в сделанном выборе. Это значит, что они напрасно тратят время (а их родители или государство — деньги) на приобретение профессии, которая либо не будет доставлять никакого удовлетворения, либо вообще не пригодится в будущем.

Почему же так вышло? Тут нужно разобраться, кто подтолкнул этих ребят к сделанному ими выбору.

Получается, что в 90% случаев ребята считают, что сами приняли решение. При этом на большинство респондентов повлияли родители и другие родственники. Роль школьных учителей и преподавателей ВУЗов оказалась довольно скромной. На мнение же настоящих профи — людей, работающих на предприятиях и знающих всю «кухню» изнутри — практически никто не обращает внимание.

Школьники уверены в осознанности и самостоятельности своего выбора. На самом же деле за них решили родители, в меньшей мере — учителя или знакомые.

Что влияет на выбор школьника

Советы умудренных опытом людей — это хорошо. Однако не тогда, когда они идут в разрез с желаниями и способностями самих подростков. Так, родители обычно советуют поступать в тот или иной вуз по следующим соображениям:

- Образование, которое оно дает, престижно.

- Будущая профессия позволит хорошо зарабатывать и гордиться занимаемой должностью.

- Работать можно будет в чистых, комфортных условиях.

(Продолжение на 7 стр.)

Как выбрать профессию и не пожалеть: кто и что влияет на выбор абитуриентов?

(Начало на 6 стр.)

- Родители сами работают в этой сфере и хорошо ее знают.

- Небольшой конкурс в ВУЗ позволит гарантированно поступить даже при наличии не самых высоких отметок.

Заметьте, о способностях, желаниях учащегося и востребованности профессии никто даже не заикается!

Четвертый пункт в списке («родители сами работают в этой сфере и хорошо ее знают») зачастую становится причиной образования целых семейных династий врачей, адвокатов и пр. По статистике, 44% сыновей медиков и 28% отпрысков адвокатов идут по стопам родителей.

Вопрос о самоопределении в этих семьях практически не поднимается. «Твой отец — такой уважаемый доктор. Разве можно пойти учиться не в медицинский вуз?!» При этом у сына «уважаемого доктора» может не быть ни способностей, ни стремления лечить людей.

Еще хуже, если выбор вуза определяется наличием в нем бюджетных мест или небольшого конкурса. Тут абитуриент просто слепо идет туда, куда удастся «впихнуться». Ни о какой профессиональной самореализации в будущем при таком факторе выбора даже говорить не приходится.

Что определяет выбор студента

Недовольные своим выбором студенты первых курсов имеют шанс несколько изменить сферу будущей деятельности. Например, перевестись на другой курс. Но и в этом случае о самоопределении задумывается — ищет работу «по душе» — только 52% респондентов.

Остальные руководствуются чисто меркантильными соображениями. По принципу: «Ну если работа не вдохновляет и не радует, то пусть хотя бы деньги, статус и уважение окружающих приносит». Высокий доход и возможность благодаря нелюбимой профессии



«жить на широкую ногу» соблазняет многих молодых людей. Этим критерием руководствуется порядка 65% опрошенных. Спустя годы многие из них поймут, что ни дня не радовались своей работе, втайне мечтали заниматься совсем другим делом и вообще прожили чужую жизнь.

Решение. Как оно созревает?

Дети начинают мечтать о своей будущей роли в обществе еще в 6—7 лет. Кто-то хочет стать водителем грузовика, кто-то — известной артисткой или доктором. Около 4% юношей и девушек остаются верны этим детским мечтам до окончания школы.

Остальные меняют свои убеждения под давлением родственников, социальных реалий, новых знаний. Иногда мечты о профессии вырастают из любви к тому или иному школьному предмету. Раньше всего определяются гуманитарии (в 13—15 лет). Будущие филологи, журналисты, лингвисты как-то сразу начинают чувствовать свое призвание.

«Технари» — математики, программисты — самоопределяются в последние 2 года обучения в школе. Сказывается как более глубокое изучение этих предметов в старших классах, так и давление необходимости сделать выбор.

Как надо делать выбор

Правильно выбрать будущую профессию помогает грамотное самоопределение. Оно заключается в:

- осознании своих желаний (за-

дайте себе вопрос: «Чем бы я хотел заниматься следующие десяток-другой лет?»);

- понимании своих возможностей («Какие способности и таланты у меня есть? Я — гуманитарий или технар? Какие предметы мне даются, а какие — нет? Как это может пригодиться в будущей профессии?»);

- знания актуальных запросов общества («На какие профессии растет спрос? Что будет востребовано в недалеком буду-

четком представлении о профессиональной деятельности работников интересующих сфер («Чем эти люди занимаются? Какое образование они получили и как достигли того положения в профессии, которое сейчас занимают?»).

Необходимо хорошо проработать эти вопросы, получить недостающую информацию, а затем найти оптимальный баланс между «хочу», «могу» и «надо». Только в этом случае удастся найти дело по душе, которое будет приносить хорошие деньги и помогать расти во всех смыслах.

Задача системы образования — дать школьникам шанс «попробовать» дело, которому те планируют посвятить всю жизнь. Уже в 13—14 лет у подростков проявляются многие таланты, применимые в той или иной области. Вот тут-то ребятам и стоит пройти «профессиональные пробы»: 1—2 недели поработать в профессии, о которой мечтают. В идеале нужно испробовать несколько вариантов, чтобы был выбор.

Это может быть подработка во время школьных каникул или небольшая практика на предприятии, где трудятся родители, знакомые. Только личный опыт дает полное представление о профессии и помогает осознанно подойти к ее выбору.

**Матвей Колесников,
выпускник кафедры
"Журналистика"**

Қанжығада он бір жеңіс

Университетіміздің жас спортшылары жақында Астана қаласындағы Назарбаев Университетінде өткен 2024 жылғы Республикалық Студенттік спорттық лигаға қатысты. Онда еліміздің жоғары оқу орындарынан 54 команда бақсынаған болатын. Қозыбаев университетінің спортшылары жүзу, қазақша күрес, кикбоксинг және баскетбол спорт түрлері бойынша сынға түсті. Ең көп жеңісті жүзушілер әкелді.

Қыздар арасында еркін стильде 50 және 100 метр қашықтыққа жүзде Мирослава Пригоженко үздік танылды. Сонымен қатар, Мирослава 50 метр баттерфляй әдісімен жүзіп, күміске қол жеткізді. Ерлер арасында 50 және 100 метрде



Артем Казанцев алтын және күміс медальді иеленді. Эстафетада да 50 м-де жоғары нәтиже көрсетті, еркін стильде бірінші, аралас стильде екінші келді.

Эстафеталық команда құрамында педагогикалық факультеттің төрт студенті, дәлірек айтсақ, Мирослава Пригоженко, Юлия Безушко,

Артём Литвиненко, Артём Казанцев болды. Ерлер арасындағы командалық сайыста біздің білім алушылар екінші орын алды. Осылайша, барлық жеңістерді қорытындылай келе, жүзуден командалық жарыста оқу ордамыздың құрамасы Студенттік спорт лигасының тұғырында екінші орынға жайғасты.

Диас Аскандиров кикбоксингтен 54 келі салмақта күміс жүлдегер атанды. Балуан Дмитрий Динер университет коржынына тағы бір «күміс» салды. Ол қазақша күресте 82 келі салмақта өнер көрсетті.

Спорттық лигаға барлығы 24 студентіміз қатысқан болатын. Олардың жартысы жеңіспен оралды.

Олимпиада қоржынында тағы жеңіс

Соңғы үш-төрт айда әртүрлі бағыт бойынша республикалық олимпиадалар жүргізілді. Біздің университеттің білім алушылары қоржынында жеңіс нәтижелері аз емес. Жақында тағы да толықты.

Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті базасында өткен Республикалық пәндік олимпиадада АФ студенттері білім бағдарламалары бойынша үшінші жүлделі орындарды иеленіп келді. «Мал шаруашылығы өнімдерін өндіру технологиясы» бойынша Орал Камила, «Орман ресурстары және орман шаруашылығы» бойынша Амангелді Жанел. Жеңімпаздарды сын



студенттері Степан Сарычев, Виолетта Вирх, Айдана Халиева жеңімпаз атанды. Жетекшілері – М.С.Мықбаева мен Е.Н.Иль.

«Робототехника және зияткерлік жүйелер» білім беру бағдарламасы бойынша ИСТФ-тің 3 курс студенті Андрей Ленгард жеке сайыста 1 орынды иеленді. Же-

текшісі – А.А. Савостин.

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ-де өткен неміс тілі бойынша республикалық олимпиадада ИЯ-22-1 тобының студенті Алмас Бисимбаев 2 орынға ие болды. Жетекшісі – Е.Г.Гертнер.

дайындаған жетекшілері – К.Н.Базытова мен Г.М.Шахметова.

Сондай-ақ, Алматы технологиялық университетінде XVI Республикалық пәндік олимпиада «Азық-түлік өнімдерінің технологиясы» білім бағдарламасы бойынша командалық сайыста АФ 4 курс

ЖОО-да дене шынықтыру кафедрасының профессоры, еңбек сіңірген жаттықтырушы Виктор Бондаренко салтанатты түрде марапатталды. ҚР Мәдениет және спорт министрлігінің «Спорттың Құрметті қайраткері» төсбелгісін оған Қозыбаев университетінің Директорлар Кеңесінің Төрағасы Ғалым Байтук табыс етті. Жиында Виктор Антоновичтің салаға және жас мамандарды даярлау ісіне қосқан үлесі жоғары бағаланды.

Біздің оқу ордамызда Виктор Бондаренко 44 жыл жұмыс істеді. Оның 163 ғылыми еңбегі, 19 оқу әдістемелік құралы, оқулықтары, кітаптары жарық көрді. Оқу-жаттығу процесіне ғылыми негіздел-



ген көзқарас оған жоғары білікті спортшыларды дайындауға мүмкіндік берді, олардың арасында халықаралық дәрежедегі спорт шеберлері, әлем рекордсмендері (А.Григорьев, В. Лукин), Олимпиада ойындарының қатысушылары (В.Шақшақбаев, В. Клепинин) бар. Виктор Антонович облыстық мә-

слихаттың депутаты болып, біраз еңбек сіңірді.


Бүгін ол ҚР Ұлттық Олимпиада комитетінде СҚО атынан өкілдік етеді, коньки тебу спорты Федерациясы президиумының және Петропавл қаласының қоғамдық кеңесінің мүшесі болып табылады. Бас төреші ретінде облыстық, республикалық, халықаралық жарыстарға белсенді қатысады.

Сондай-ақ, осы күні ҚР Ұлттық Ғылым академиясының құрметті профессоры атағын беру туралы құжат «Физика» кафедрасының профессоры, физика-математика ғылымдарының кандидаты, астрономия доценті Андрей Солодовникке табысталды.

Тағылымды кездесу

Қозыбаев университетінде MBA бағдарламасы – «Іскерлік әкімшілендіру магистрі» бір жыл бұрын Алматы менеджмент университеті (AlmaU) серіктестігімен ашылған болатын. Ол жоғары және орта буын басшыларына, бизнес иелеріне арналған. Оқу мерзімі – 2 жыл. Бағдарлама Қазақстан нарығының жағдайына бейімделген. Курстарды серіктес университеттердің оқытушылары мен бизнес-тренерлері жүргізеді. Бүгінде оның тыңдармандары 30 адамды құрайды.

Жиында AlmaU негізін қалаушы және Президенті Асылбек Қожахметов MBA болашағы туралы, сондай-ақ, кәсіп пен бизнес ортада даму тәжірибесімен бөлісті. Тұлға ретінде қалыптасудың мотивациялық мысалдарын келтірді. Тыңдаушылар үшін «Командадағы рөл: табысты ұжымды қалай құруға болады» атты шеберлік сағаты өтті. Оны ALMAU Жоғары бизнес мектебінің MBA оқытушысы, Tenderbot, Taxi.Kz, Eurosertificat жобаларының негізін қалаушы Тимур Худайбергенов жүргізді. Кездесу соңында заманауи басқарушылық білім мен дағдыларды үйрену, бизнес ортада еркін әрекет ету, стратегиялық шешімдерді тиімді қабылдауға мүмкіндік беретін MBA бағдарламасының тұсаукесері өтті.



Бетті дайындаған
Мағжан Баймұрат,
«Журналистика»
кафедрасының
3 курс студенті.

«FOUNDATION» – ДАЙЫНДЫҚ КУРСЫ

«Қозыбаев» университетіне жақын және алыс шетелдерден келіп оқитын қандас жастар және шетел азаматтары көп. Қытай, Монғолия, Ресей, Үндістан, Иран, Өзбекстан тағы басқа мемлекеттердің азаматтары біздің университетте білім алады. Олардың көпшілігі «Foundation» факультетінде оқып, қазақстандық білім беру жүйесіне дағдыланады, кейбіреулер біздің еліміздің мемлекеттік грантының иегері атанып, тегін оқиды. «Foundation» факультеті туралы оның деканы Алмагүл Авдолханнан сұхбат алудың мүмкіндігі туды.

– Алмагүл Авдолханқызы, Сізді қош көрдік. Әңгімені өзіңіз басқарып отырған факультеттің қашан ашылғандығы туралы деректерден бастасақ.

– М.Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті заман талаптарын қанағаттандыратын білім берудің жаңа ортасын құрып, 2016 жылы «Foundation» факультетін ашты. Дайындық курстары шет елдерде тұратын қазақ ұлтының өкілдері, яғни қандастар мен шет ел азаматтарына арналған. Бұл курстардың мақсаты – шет ел азаматтарын Қазақстандағы өмірге бейімдеу, ҚР жоғарғы оқу орындарына түсуге дайындау, қазақ және орыс тілдерін тереңдетіп оқыту. Оқу үдерісімен қатар «Foundation» факультетінің тыңдаушылары университеттің спорттық жарыстары, КВН, Наурыз мейрамы, конференциялар, тақырыптық семинарлар және т. б іс-шараларға белсенді қатысады.

– Факультеттегі білім беру жүйесінің кейбір сәттеріне тоқталсаңыз?

– Жалпы ҚР ҒЖБМ –нің ұлты қазақ шетел азаматтарына берілетін мемлекеттік квотасы аясында қандас жастарды грантқа оқуға қабылдаймыз. Ал грантқа түсе алмаған және ұлты қазақ емес шетел азаматтары ақылы түрде оқи алады. Оқуға қабылдау тіркелу, құжаттық сараптама, офлайн және онлайн бейне-сұхбат емтихандарынан тұрады. Факультеттегі оқу үдерісі күндізгі оқу формасында қазақ және орыс тілдерінде жүзеге асырылады. Курс мерзімі тоғыз айға созылады. Дайындық курстарының тыңдаушылары жатақханамен қамтамасыз етіледі, мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша оқитын тыңдаушылар шәкіртақы алады. Оқыту аяқталған соң тестілеу нәтижесіне қарай мемлекеттік білім беру гранты бойынша Қазақстан Республикасының жоғарғы



оқу орындарында білім алу құқығына ие болады.

– «Foundation» факультетінде білім алғысы келетіндер қатары қандай?

– Дайындық курстарында оқыған шетелдегі қазақ диаспорасы өкілдері, яғни қандастар қазақстандық білім беру грантына ие болу үшін ҰБТ тапсырып, нәтижесінде ҚР ҒЖБМ оқуға түсу ережелеріне сәйкес талаптарды орындайды. Қазақ немесе орыс тілін білмейтін шетел азаматтары үшін емтиханды ағылшын тілінде қабылдану да қарастырылған. Ақылы негізде оқуды қалайтын азаматтар емтихансыз қабылданады. «Foundation» факультетіне орта, арнайы орта, техникалық және кәсіби білімі бар барлық тұлғалар қабылданады. Дайындық факультетінде күшейтілген тілдік дайындықпен оқу үшін «Шет тілі» және жаратылыстану-математикалық бағыттағы «Биология», «Физика», «Химия» пәндерінің бірінен тест тапсырады. 2016 жылдан бері «Foundation» факультетінде жылда ұлты қазақ шетел азаматтары кемінде 50 тыңдаушы білім алады. Бұл факультетте тыңдаушы ретінде дайындалған тыңдаушылар мамандық таңдап, дипломдарын алып шықты. Биыл 53 тыңдаушы

қандас жастар және 18 тыңдаушы ҚР азаматтары тілдік курс тыңдаушылары қабылданды. Шетелдегі қазақ диаспорасы өкілдері мен шетел азаматтары жиі таңдайтын мамандықтар: педагогикалық, ауылшаруашылық, техникалық, байланыс саласы.

– «Foundation» факультетін бітірген соң тыңдаушылар әрі қарай қандай мүмкіндіктерді пайдаланады?

– «Foundation» факультетінде оқу бұл – ҚР-ның орта білім жүйесін 9 айда жүйелеп ұлты қазақ шетел азаматтарына ұсыну. 9 ай оқыған білімдерінің және өз елдерінің тілінде алған білімдерін қазақ тіліндегі балама арқылы қайталап, ҚР ЖОО-на тегін оқуға алатын жолдама болып табылады. Ұлттық бірыңғай тестілеу пәндері бойынша мақсатты дайындық (оқу сауаттылығы, математикалық сауаттылық, Қазақстан тарихы және бейіндік пәндер) жүзеге асырылады. Ұлттық бірыңғай тестілеуге қатысқаннан кейін «Foundation» факультетінің білім алушылары білім беру грантарының конкурсы нәтижесі бойынша көбіне М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университетін таңдап студент атанып жатады. М.Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университетінің «Foundation» факультетінде ҰБТ тапсыру үшін қажетті барлық пәндер бойынша дайындық жүргізетін кешкі дайындық курстары да бар. Ол курстардың оқуы ақылы. Оқу бағасы оқу мерзімі мен таңдаған пәндер санына байланысты. Аталмыш кешкі курсқа мектеп оқушылары да жазыла алады.

– Әңгімеңізге рахмет!

Сұхбаттасқан
 Медет Қуанышбеков,
 «Журналистика» кафедрасының
 3 курс студенті.

ОЛИМПИАДА ЖОЛДАМАСЫНА ҮМІТКЕР *Біздің түлек*

Париж төріндегі жазғы Олимпиада ойындарының басталуына бір жарым ай қалды. Шілденің 22-сі күні жалауы желбірейтін төрт жылда бір рет өтетін додаға облыс спортшыларының ішінде велошабандоз Алексей Луценко жолдама иеленді. Сондай-ақ брейкинг пен жеңіл атлетикадан жолдамаға үміткерлер бар. Солардың бірі – Қозыбаев университетінің түлегі, жеңіл атлетикадан Михаил Литвин. Ол бүгінде ел біріншілігіне дайындалып жүр. Солтүстікқазақстандық спортшы онда керек жолдамасын қанжығаламақ.

Михаил Литвин жеңіл ұлттық құрамға алынады. атлетикамен 2012 жылдан бастап айналысады. Спортқа жақын жігіт жергілікті жоғарғы оқу орнының дене шынықтыру мамандығына оқуға түсіп, 1917 жылы тамамдаған.

Михаил бала күннен футболға құмар болған. Алаңда жүгіріп жүріп, өзінің желаяқтығымен көзге түскен. Қабілетін көрген бапкер Александр Окованцев оған жеңіл атлетикамен айналысуға ұсыныс жасайды. Алғашқы жарыстардан бастап, төбе көрсете бастаған. Қала біріншілігінде 200 метр қашықтықта жеңімпаз атанып, кейін тәжірибелі жаттықтырушылардың арқасында төрт айдың ішінде облыс және ел біріншіліктерінде топ жарғанын мақтан етеміз. Сол кезде ол спорт шеберіне үміткер нормативін орындаған. Осы жетістігінен кейін

Қоржынында бірнеше халықаралық жарыстың түрлі деңгейдегі жүлделері бар. Бірнеше жыл қатарынан ел біріншілігінде топ жарып жүр. Оның жүгіретін қашықтығы – 400 метр. Бірнеше рет Азия чемпионатына қатысып, күміс пен қоладан алқа тақты. Студент қатарында жүрген кезде Азия ойындарында үшінші орынға ие болды. Соңғы Универсиадада екінші орынға табан тіреді. Былтыр Азия ойындарына жақсы дайындалып, 400 метр қашықтыққа жүгіруде рекорд орнатты.

Жеңіл атлетика бойынша Олимпиада жолдамасын ұтып алуға бірнеше мүмкіндік беріледі. Алғашқысы – Азия ойындары, екіншісі әлемдік рейтинг негізінде желаяқтарға табысталатын лицензия. Михаил Литвин бұл

санаттарға ілікпейді. Соңғысы ішкі біріншіліктегі көрсеткен нәтиже бойынша жолдама алу, осы мүмкіндікті қолдан бермеуге тырыспақшы.

«Биыл мен маусым айында үш бірдей ішкі жарысқа қатысамын. Оның бірі – Қазақстан чемпионаты. Кейін Ғұсман Қосанов атындағы мемориалдық турнир бар. Соңғысы – Қазақстан кубогы. Бұл жарыстардың бірінде мен 400 метрді 45 секунд ішінде бағындыруым керек. Мен бұл нәтиже қарсыластарымнан жоғары болса, онда мен Олимпиада жолдамасын ұтып аламын», – дейді спортшы.

Сәттілік тілейміз!

**Ақбота Қабдүлмәжіт,
«Журналистика» кафедрасының
3 курс студенті.**



«ПАРАСАТ»
газеті

МЕНШІК ИЕСІ:

«Манаш Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы.

БАСПАҒЕР:

«М. Қозыбаев ат. СҚУ» КЕАҚ тарих, экономика және құқық факультетінің «Журналистика» кафедрасы.

БАС РЕДАКТОР:

Гүлгүл Тулешева.

ШЫҒАРУШЫ РЕДАКТОР:

Павел Притолюк.

РЕДАКЦИЯ МЕКЕНЖАЙЫ:

15000, Солтүстік Қазақстан облысы, Петропавл қаласы, Мағжан Жұмабаев көшесі, № 6 оқу ғимараты, 215 кабинет, «Парасат» редакциясы, parasatmedia.ku@gmail.com.

Қайта есепке қою туралы Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің 2021 ж. 19 қарашадағы

№KZ73VPY00042947 куәлігі берілді.

Жарияланған материалдар редакцияның көзқарасын әрдайым көрсете бермейді.

Газет ай сайын шығады.

Таралымы: 10 дана.

Тапсырыс №111.

Газета
«ПАРАСАТ»

СОБСТВЕННИК:

Некоммерческое акционерное общество «СевероКазахстанский университет имени Манаша Козыбаева».

ИЗДАТЕЛЬ:

Кафедра «Журналистика» факультета истории, экономики и права НАО «СКУ им. М. Козыбаева».

ГЛАВНЫЙ РЕДАКТОР:

Гүлгүл Тулешева.

ВЫПУСКАЮЩИЙ РЕДАКТОР:

Павел Притолюк.

АДРЕС РЕДАКЦИИ:

150000, СевероКазахстанская область, город Петропавловск, улица Магжана Жумабаева, дом 114, учебный корпус № 6, кабинет 215, редакция «Парасат», parasatmedia.ku@gmail.com.

Свидетельство о постановке на переучёт №KZ73VPY00042947 выдано Министерством

информации и общественного развития Республики Казахстан от 19 ноября 2021 г.

Опубликованные материалы не всегда отражают точку зрения редакции.

Газета выходит 1 раз в месяц.

Тираж 10 экземпляров.

Заказ № 111.

НАШИ ГИРЕВИКИ - ОДНИ ИЗ ЛУЧШИХ В СТРАНЕ!

На Чемпионате Казахстана по гиревому спорту, прошедшем в г. Щучинск, сборная Северо-Казахстанской области одержала победу и завоевала путевку на Чемпионат Мира. В команде победителей оказались и три студента *Kozybayev University*, которые проявили себя наилучшим образом.

Валентина Беседина, студентка Тренирует сборную заслуженный третьего курса ФМЕН, блестяще тренер Республики Казахстан выступила и завоевала две Андрей Ярославович Глывяк, серебряные медали в старший преподаватель кафедры упражнений «рывок» и «Теория и методика физического «толчок», показав высокий класс и военного воспитания». За свою даже среди профессионалов. более чем 20-летнюю карьеру он

Руслан Айдаков, студент группы подготовил 40 мастеров спорта, ФКС-20-1 педагогического 10 мастеров спорта факультета, занял почетное третье международного класса и одного заслуженного мастера спорта. Поздравляем наших спортсменов в составе сборной отличился и тренера с великолепным Ильяс Ротов, еще один студент результатом и желаем новых ПФ. побед на мировом уровне!



Қымбатты оқырмандар!

Құрметті *Kozybayev University* оқытушылар, студенттер мен қызметкерлері, сіздерді ынтымақтастыққа шақырамыз. Бізге жоғары сапалы фотосуреттер мен суреттелген қызықты және көрнекті адамдар, өзекті оқиғалар туралы әңгімелер, өзекті тақырыптарға материалдарыңызды жіберіңіздер.

Дорогие читатели!

Уважаемые преподаватели, студенты, сотрудники *Kozybayev University* приглашаем вас к сотрудничеству. Присылайте нам свои истории об интересных и выдающихся людях, актуальных событиях, материалы на злободневные темы, проиллюстрированные качественными фотографиями.